

Баянауыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 мамырдағы "Баянауыл ауданы әкімдігі атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 127/5 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 47/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 8-бабы 3) тармақшасына сәйкес Баянауыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Баянауыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 мамырдағы "Баянауыл ауданы әкімдігі атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 127/5 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 4533 болып енгізілген, 2015 жылғы 10 шілдедегі № 28 (10679) "Баянтау" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Баянауыл ауданы әкімі аппаратының басшысы К. К. Абылгазинге жүктелсін.

Аудан әкімі

Н. Кұлжан